*Келісемін:*
**АББ кітапхана қоры жөніндегі әдіскері**
**_______ С.Е. Утегенова**

**Бектемін:**
**Мектеп директоры:**
**_______ А.Т. Асқарбекова**

# Мектеп кітапханасының 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары

***Кітапханашы: Қуат Н.Т.***

## Кітапхана жұмысының негізгі мақсаты

Мектеп кітапханасы- мектептің бір бөлімі, сондықтан жылдық жоспардың басым бөлігі-оқу тәрбие жоспарына негізделеді. Кітапхана жұмысының қажеттілігі мен ерекшілігі, ол мектеп ұжымының барлық оқу жүйесіне қатысушыларына оқу бағдарламасының түрлерін, жаңа кітаптарды және басқа да ақпараттық материалдарды ұсынады. Қазіргі оқыту технологиялары арқылы әр түрлі кітапханалық іс шараларды өткізу негізінде оқушылардың кітап оқу қызметін қалыптастыра отырып, тілдерін дамыту арқылы білім сапасын арттыруға көмектесу. Кітап өз оқырманын жан-жақты тәрбиелеумен бірге танымдық білімдік қасиетін дамытары анық. Президент ұсынған «Оқуға құштар мектеп » жобасын ұйымдастыру арқылы оқырмандармен жұмыс жасау. Көркем әдебиеттермен кітап қорын толықтыру. Жаңа кітаптарға , мерзімді басылымдарға тұрақты ақпарат күндерін өткізу

## Кітапхана жұмысының міндеттері

Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республика үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім министірінің бұйрықтарын және осы жоспарды басшылыққа алады.

1. Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйыммен бірлесіп атқарады.
2. Оқырмандарға тез және сапалы қызмет көрсету.
3. Қарыз кітапқа немқұрайлы қарайтын оқырмандармен жұмыс жүргізу.
4. Оқулықтарды тексеру бойынша рейд жүргізу.
5. Кітап қорының жинақталуын, есепке алынуын, орналастырып сақталуын ұйымдастару.
6. Кітапхананы қазіргі талапқа сай безендіріп, оқырмандармен белгіленген жоспар бойынша әдеби кеш, конференция дөңгелек үстел, ақын-жазушылардың шығармашылық кештерін өткізу.
7. Кітаппен өз бетінше жұмыс істеу жолдарын меңгерту, кітап арқылы ой-өрістерін, рухани жан дүниесін кеңейту, білімді парсатты азамат етіп тәрбиелеу.

| № | Жұмыс мазмұны | Орындау мерзімі |
|---|---|---|
| | Оқу әдебиеті қорымен жұмыс жоспары | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | 2024-2025 оқу жылына арналған оқушылардың оқулықтармен және оқу құралдармен қамтылуына диагностика | Тамыз–қыркүйек |
| 2 | Оқулықтарды қабылдау және оқушыларға беру. Оқу бағдарламасына сәйкес толық көлемде оқулық беруді қамтамасыз ету. | Тамыз |
| 3 | Қор жылжуына қорытынды жүргізу. | Желтоқсан |
| 4 | Түскен оқулықтарды қабылдау және өңдеу: жүкқұжаттарын ресімдеу, оларды бухгалтерияға өткізу, жиынтық есепке алу кітабына (бұдан әрі – ЖЕК) жазу, мөртаңба қою. Түсу деңгейіне қарай, Картотеканы ресімдеу . | Жыл бойы |
| 5 | Оқу бағдарламаларының ескіруі мен ауысуын ескере отырып, оқулық қорын есептен шығару. | Жылына 1 рет |
| 6 | Сыныптар бойынша оқулықтар, ведомостер беру журналын жүргізу . | Мамыр, Қыркүйек |
| 7 | Оқулықтарды тексеру. Рейд жүргізу | Тоқсан сайын |
| | **Көркем әдебиет қорымен жұмыс** | |
| 1 | Кітапхана қорын есепке алу. 5 жылда 1 рет түгендеу, түгендеуді қорытындылау. Бухгалтерияның материалдық бөлімінде кітапхана қорын тексеру туралы актіні ресімдеу. | Жыл бойы |
| 2 | Кітапхана оқырмандарының ақпаратқа еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету. | Үнемі жыл бойы |
| 3 | Қорды сақтау бойынша жұмыс: оқырманның келтірілген залалды бекітілген тәртіпте өтеуі бойынша шараларды қамтамасыз ету; борышкерлердің тізімін жасау; кітапхана қорын жүйелі сақтау мен физикалық сақталуы бойынша тиісті режимді қамтамасыз ету | Үнемі жыл бойы |
| 4 | Ескі көркем әдебиет пен рухани тұрғыдан ескірген әдебиетті есептен шығару. | Жылына бір рет |
| | **Оқырмандармен жеке жұмыс** | |
| 1 | Оқырмандар формулярымен танысу және талдау. | Жыл бойы |
| 2 | Кітапханаға түскен жаңа кітаптар, энциклопедиялар, ертегі кітаптар туралы ұсынымдық және жарнамалық әңгімелесулер.Түсу деңгейіне қарай | Жыл бойы |
| 3 | «Сенің сүйікті шығармаң » тақырыбы бойынша оқушыларға сауалнама жүргізу. | Қаңтар–ақпан |
| 4 | Абонемент пен оқырмандар залында оқырмандарға қызмет көрсету: оқушылар, педагогтар, техникалық персонал, ата аналар . | Үнемі |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Өтінімдер бойынша оқушылармен жұмыс** | |
| 1 | Кітапхананың жұмыс кестесіне сәйкес оқушыларға қызмет көрсету. | Үнемі |
| 2 | Әр оқырманның жас ерекшеліктеріне сәйкес көркем әдебиет ұсыну . | Үнемі |
| 3 | Борышкерлерді анықтау мақсатында оқырмандар формулярын қарау, (нәтижелерін сынып жетекшілеріне хабарлау) Жарты жылда 1 рет 3 Жаңадан жазылған оқырмандармен кітап оқу мәдениеті туралы әңгімелесулер өткізу. Кітапқа немесе оқулыққа келтірілген залал үшін жауаптылық туралы айту. | Үнемі |
| | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ**<br><br>**ҚҰНДЫЛЫҚТАР:**<br>**«Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік**<br>**«Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»**<br>**1 қыркүйек – «Білім күні»**<br>**5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні**<br>**Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні**<br>**Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні**<br>**Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні** | | | | |
| **№** | **Атқарылатын іс шаралар** | **Мақсаты** | **Орындалу мерзімі** | **Сынып** | **Өткізілу түрі** | **Жауапты** |
| 1 | «Кітап-білім бұлағы» | Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету | Тамыз Қыркүйек | 1-11 сыныптар | Оқулық тарату | Қуат Н. |
| 2 | 5-қыркүйек Тілдер күніне орай *«Ана тілің – арың бұл»* | Оқушыларға ана тілін білудің маңызы жайлы айту, ана тілін үйрету; | 5-Қыркүйек | 1-4<br>5-11 сыныптар | Көрме әдеби кеш | Қуат Н. |
| 3 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында<br>«Мен қазақпын »<br>Ж. Молдағалиев-105 жаста | Оқушыларға Жұбан Молдағалиевтің шығармашылығын таныту. «Мен қазақпын »поэмасы арқылы патриоттық сезім мен ұлттық рухты ояту, ел тармхына ,әдебиетке деген құрметті арттыру. Ақынның ерлікке толы өмір жолы мен шығармалары арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, ел жандылыққа тәрбиелеу. | 11-Қыркүйек | 5-7 сыныптар | Кітап көрме | Қуат Н.<br>Таджибаева А.<br>Сынып жетекші |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 1-сынып оқушыларының «Кітапханаға саяхат» | Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру; Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру;Кітапты сүюге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу. | 16-Қыркүйек | 1сыныптар | Саяхат | Қуат Н. Куанышбаева Б. Абдикеримова А. |
| 5 | Балалар кітапханасы жобасы аясында «Менің сүйікті ертегі кітабым» | Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру.Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани-тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулу. | 19-Қыркүйек | 6-7 сыныптар | Оқырманд ар арасында кітап оқу сайысы | Қуат Н. Ибраева Ә |
| 6 | Қазақтың бас ақыны ағартушы саяси қайраткеріАбай Құнанбаевтың туылғанына 180 жыл «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» | Оқушыларға әдебиетіміздегі ең үздік туындыларды насихаттау , оқу ісін ілгерілеу, рухани мұрамызды сақтау, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. | 26-Қыркүйек | 7 сынып | | Қуат Н. Көменбаев Қ. |
| 7 | Оқулықтардың тазалығын тексеру | Оқулықтарды тексеру, таза ұстауға шақыру. | 29-қыркүйек | 1-11 сыныптар | Рейд жүргізу | Қуат Н. |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ**<br>**ҚҰНДЫЛЫҚТАР:**<br>«Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»<br>1 қазан – Халықаралық қарттар күні<br>5 қазан – Мұғалімдер күні<br>24 қазан – Кітапханашылар күні<br>25 Қазан – Республика күні | | | | |
| 8 | «Қарттарым асыл қазынам» 1Қазан -қарттар күні | Оқушыларға қарт адамдарға деген құрмет пен қамқорлықты арттыру, олардың өмірлік тәжірибесін жастарға үлгі ету. Мәдени шаралар арқылы қариялардың қоғамдағы орнын нығайту. | 1-Қазан | 6-9 сыныптар | Танымдық сағаты | Қуат Н.<br>Пед. ұйым.<br>Музыка пәні мұғалімі |
| 9 | «Балалар кітапханасы» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларына «Ертегілер еліне саяхат» | Оқушыларды ертегілерге қызықтыру арқылы кітап оқуға баулу, сөйлеу, тыңдау, ой бөлісу дағдыларын дамыту. оқушыларды ертегі оқуға баулу арқылы олардың ой өрісінің кеңуіне ықпал ету, қиялдау мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту. | 3-Қазан | 5-11 сыныптар | Көрме | Қуат Н.<br>Сәрсенбаева А. |
| 10 | «Кітапханашы- мәртебелі мамандық»<br>Кітапханашы күніне дублер күні | Оқушыларға кітапханшы мамандығының қоғамдағы ролі мен маңызын түсіндіру, кітапхана қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру,оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру. | 22-Қазан | 11сынып | Дублер күні | Қуат Н.<br>Кекілова Н. |
| 11 | «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» | оқырмандарды тәуелсіз елінің рәміздерін жетік білуге, әрі құрметтеуге және толықтай мәліметпен қанағаттандыру. | 24-Қазан | 1-9 сыныптар | Көрме | Қуат Н.<br>Қуандықова С. |
| 12 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында«Мен және менің отбасым» қандай кітап оқиды? | Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру. Оқушыларды жас кезінен отбасымен кітап оқуға дағдыландыру. Кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру | Күзгі балалар демалысындағы жарыс | 2-11 сыныптар | Отбасылық кітап оқу сайысы | Қуат Н.<br>Сынып жетекшілер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ**<br>**ҚҰНДЫЛЫҚТАР:**<br>«Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»<br>15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні | | | | |
| 13 | Жазушы,қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры М.Ғабдуллиннің туылғанына 110 жыл «Батырдан қалған ой жазба» | М.Ғабдуллиннің 110 жылдық мерейтойына орай оның ерлігі мен әдеби мұрасын насихаттау, жастарға патриоттық тәрбие беру, батырдың қаламгерлік қырын таныту, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, ел тарихына құрметпен қарауға баулу. | 7-Қараша | 9-11 сыныптар | Танымдық сабақ | Қуат Н.<br>Қазбекова А. |
| 14 | «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» Мұзафар Әлімбаев | ОқушыларғаМ. Әлімбаевтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау арқылы оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру,ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды дәріптеу,кітап оқуға деген сүйіспеншілікті дамыту | 12Қарашы | 10 сынып | Дөңгелек үстел | Қуат Н.<br>Оразбаева О |
| 15 | Қазақстан Республикасының халықаралық валютасы күні (1993) | Ұлттық валютаның тарихы, жетістіктері мен ерекшеліктерін түсіндіру | 14-Қараша | 5-7 сыныптар | Көрме слайд | Қуат Н.<br>Пед ұйым<br>Байғанаева Д. |
| 16 | «Балалар кітапханасы »жобасы аясында «Кітаптар айналымы» «Мен оқыған бір кітап » | Оқушылар арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, оқырман мәдениетін дамыту және оқыған кітаптары туралы ой бөлісуге үйрету. | Ай сайын | 5-11 сыныптар | Кітаптар талқылау алаңы | Қуат Н.<br>ДТІЖО<br>Ералиева Б. |
| 17 | Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист М. Дулатовтың туылғанына 140 жыл «Жазушының көзімен» | М. Дулатовтың туғанына 140 жыл толуына орай кітапхана оқырмандары арасында оның өмірі мен шығармашылығын кеңінен насихаттау, жастардың отан сүйгіштік сезімін ояту,рухани - мәдени білімін тарттыру. | 25-Қараша | 10 сынып | Танымдық сабақ | Қуат Н.<br>Баударбекова Қ |
| 18 | Оқулық тексеру рейді «Таза кітап» | Оқулықтарын тексеру, таза ұстауға шақыру | Тоқсан сайын | 1-11 сыныптар | Рейд жүргізу | Қуат Н.<br>Актив мүшелері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ**<br>**ҚҰНДЫЛЫҚТАР:**<br>«Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»<br>5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні<br>16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні | | | | |
| 19 | «Қазақстан гимнің авторы» (Ж. Нәжімеденовке -90 жыл) | Оқушыларға Ж.Нәжімеденовтің өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, мемлекеттік рәміздерге құрмет пен отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, акын мұрасын насихаттау | 4-Желтоқсан | 5-7 сыныптар | Кітап көрме . Әдеби сағат | Қуат Н. Сатқынбеков Ә. |
| 20 | «Балалар кітапханасы »жобасы аясында іс-шаралар ұйымдастыру<br>Жазушы Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапрарғали Ыскақұлы Бегалиннің туылғанына 130 жыл | Оқушыларға Сапарғали Ыскақұлы Бегалиннің туылғанына 130 жыл толуына орай қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы жазушының шығармашылығын насихаттау,жас ұрпаққа оның өнегелі өмір жолын ,әдеби мұрасын таныстыру . Балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуға қызығушылығын арттыру. | 9-Желтоқсан | 10-11 сыныптар | Кітап көрм Әдеби кеш | Қуат Н. Тарих пәні мұғалімі |
| 21 | «16-желтоқсан» атты кітап көрмесі<br>Қазақстан РеспубликасТәуелсіздігіне 35 жыл<br>Желтоқсан көтерілісіне 40 жылы | Оқушыларға Тәуелсіздік - Желтоқсанның жемісі, Тәуелсіздік жолындағы күрестерді ғасырлар қойнауына жалғасып келе жатқан ұлы тарихтың бір белгісі екендігін түсіндіру.<br>Ұлы Дала тарихынан бастап, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау | 12-Желтоқсан | 5-7 сыныптар | Көрме оқу сағаты | Қуат Н. Байганаева Д |
| 22 | «Кітаппен доспыз» | Оқушылардың қысқы демалыс уақытын тиімді өткізуге.Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және оқу дағдысын дамыту арқылы оларды әдебиетпен дос болуға тәрбиелеу. | Каникулда кітап оқуға шақыру | 2-11 сыныптар | Кітап оқу марафоны | Қуат Н. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | КАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ<br>КҮНДЫЛЫҚТАР:<br>«Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»<br>1 қаңтар – Жаңа жыл | | | | |
| 23 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында<br>Халық қаһарманы жазушы Б. Момышұлының туғанына 115 жыл<br>«Темірдей тәртіп маңызы» | Оқушыларға Халық қаһарманы ,жазушы Б. Момышұлының өмір жолы мен шығармашылығын таныстыра отырып ,оның әскери тәртіпке, батырлыққа қатысы ұстанымдарын үлгі ету. «Темірдей тәртіп»ұғымының мәнін түсіндіру. | 13-Қаңтар | 10-сыныптар | Дебат | Құат Н.<br>Сынып жетекші |
| 24 | «Денсаулық зор байлық» | Оқушыларды денсаулықтың маңызын түсіндіру, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру. | 16-Қаңтар | 5-6 сынып | Денсаулық сағаты | Құат Н.<br>Медбике |
| 25 | «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша<br>«8-минуттық кітап оқу» | Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.Кітап оқуға,соның ішінде көркем әдебиеттерді оқуға қызығушылықтарынарттыру,кітап оқуға сүйіспеншілікпен қарап,алдағы уақыттарда да,оқып жүруге ынталарын қалыптастыру. | Қаңтар | 5-9 сыныптар | Оқу марафоны | Құат Н. |
| 26 | «Балалар кітапханасы» жобасы аясында<br>«Бір сынып-бір кітап»<br>«Бауырсақ»<br>ертегісіне көрініс | Балаларға ертегілер туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету. | Қаңтар | 1-4 сынып | Қойылым | Құат Н.<br>Сынып жетекші |
| 27 | «[illegible] оқулық?» | Оқулықтарды таза ұстауға шақыру | Қаңтар | 1-11 сыныптар | Рейд жүргізу | Құат Н. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | АҚПАН– ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ<br>ҚҰНДЫЛЫҚТАР:<br>«Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»<br>14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні<br>Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні | | | | |
| 28 | «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Кітап оқу трендте» | Оқушының ой-өрісін дамыту,іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу. | 4-Ақпан | 9-11 сыныптар | Дебат | Қуат Н.<br>Қазақ тілі мұғалімі |
| 29 | «Ауғанның жаңғырығы жүректе» | Оқушыларға Ауған соғысының тарихы маңызы мен себеп салдарын түсіндіру. Жастарды отансүйгіштікке , тәрбиелеу. | 13-Ақпан | 10-сыныптар | Әңгіме дебат | Қуат Н. |
| 30 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында<br>Жабаев Жамбыл – ақын, туғанына 180 жыл (1846-1945) | ақынның шығармаларын таныстыру<br>Білімділік танымын, шығармашылық қабілетін, тілдік қорын, ізденістерін арттыру | 17-Ақпан | 5-11 сыныптар | Тарихқа шолу, кітап көрмесі | Қуат Н.<br>Тарих пәнінің мұғалімдері |
| 31 | 9 ақпан Мұқағали Мақатаев – қазақтың лирик ақыны, туғанына<br>95 жыл (1931-1976)<br>өлеңдерін мәнерлеп оқу | XX ғасырдың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың бай шығармашылық дүниесімен таныстыру. Ойшыл, зиялы, ірі тұлға екенін оқушыларға жеткізу. | 20-Ақпан | 5-11 сыныптар | Кітап көрмесі тарихи таным сағаты | Қуат Н.<br>Сынып жетекші |
| 32 | «Балалар кітапханасы »жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла!» | Оқушылардың ата-аналардың және мектеп ұжымының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, мектеп кітапханасының кітап қорын толықтыру.Кітап сыйлау мәдениетін қалыптастыру. | 25-Ақпан | 5-11 сыныптар | Кітап сыйлау акциясы | Қуат Н. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ<br>ҚҰНДЫЛЫҚТАР:<br>«Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»<br>1 наурыз – Алғыс айту күні<br>8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні<br>21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі<br>30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні | | | | |
| 32 | 1-Наурыз<br>«Алғыс<br>айту-парызым » күні | Балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін<br>кеңейту, әдептілікке, кішіпейілділікке, іздеттілікке тәрбиелеу. | 1-Наурыз | 1-11 сыныптар | Кітап көрмесі | Қуат Н. |
| 33 | «Сыйынар ем, ана деген тәңірге»<br>8-наурыз аналар күні | Оқушыларға ананың қоғамдағы ,отбасындағы орнын таныту,анаға деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу,ананың қадір - қасиетін насихаттау, ұлттық құндылықтарды ұлықтапи ,жастарды адамгершілікке баулу. | 6- наурыз | 1-11 сыныптар | Кітап көрме | Қуат Н. |
| 34 | «Балалар кітапханасы жобасы» бойынша «Әжемнің ертегілері» | «Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы аясында бастауыш сынып оқушыларына берілген әдебиеттердің оқылуын бақылау мақсатында «Әжемнің ертегілері» кешін ұйымдастыру | 11-Наурыз | 1-4 сыныптар | Ертегі оқу Әжелерді шақыру | Қуат Н.<br>Сынып жетекші |
| 35 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қазақ поэзиясының алабы,ақын Ж.Жабаевтың туылғанына 180 жыл<br>«Менің пірім Сүйінбай» | Ж. Жабаевтың 180 жылдығына арналған іс-шаралар арқылы оқушыларға ақынның өмірі мен шығармашылығын терең таныстыру. | 18-Наурыз | 5-9 сыныптар | Ақынның айтыс үлгілерін сахыналау | Қуат Н.<br>Сынып жетекші |
| 36 | «Қалың қалай оқулық?» | Тоқсан соңында оқулықтарды тексеру | 26-наурыз | 1-11 сыныптар | Рейд жүргізу | Қуат Н. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **СӘУІР– ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ**<br>**ҚҰНДЫЛЫҚТАР:**<br>«Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»<br>2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні<br>7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні<br>12 сәуір – Ғылым күні<br>15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні<br>18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні<br>23 сәуір – Ұлттық кітап күні | | | | |
| 37 | 2-сәуір Халықаралық балалар кітабы күні<br>"Кел балалар оқиық " балалар мен ата-аналармен бірге | Кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Ата-аналар арасында балаларға кітап оқудың қажеттілігін насихаттау. | 2-Сәуір | 5-9 сыныптар | Кітап көрмесі, эстафета | Қуат Н. |
| 38 | «Ғарышқа ізін салған қыран қазақ» **Мұсабаев Талғат** – ғарышкер, 75 жаста (1951) туралы мәліметтер | Ғарышкер,ғарыш әлеміне деген қызығушылығын қалыптастырып, ғарышкерлерге деген құрмет сезімін арттыру. | 13-Сәуір | 7-8 сыныптар | Кітап көрмесі | Қуат Н. |
| 40 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Алаш қозғалысының жетекшісі Ә. Бөкейхановтың туылғанына 160 жыл | Ә. Бөкейханның 160 жылдық мерейтойына орай,ұлт көшбасшысы, Алаш арысы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері , ғалым, саяси реформатор ретінде оның өмірі мен еңбегін кеңінен насихаттау. | 22-Сәуір | 5-6 сыныптар | Әдеби кеш | Қуат Н. Музыка мұғалімі |
| 41 | «23сәуір -Ұлыттық кітап күні» | Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Ұлттық кітап күнінің маңызын насихаттау арқылы оқырмандық сауаттылықты дамыту | 24сәуір | 2-11 сыныптар | Кітап көрмесі | Қуат Н. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **МАМЫР – БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ АЙЫ**<br>**ҚҰНДЫЛЫҚТАР:**<br>**«Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»**<br>**1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні**<br>**7 мамыр – Отан қорғаушылар күні**<br>**9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні**<br>**15 мамыр – Халықаралық отбасы күні**<br>**18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні**<br>**31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні** | | | | |
| 41 | **1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай « Бір аспан астында»** | Оқырмандарға көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. | 30-Сәуір | 1-4 сыныптар | Кітап көрмесі | Қуат Н. |
| 42 | **7-мамыр Қорғаушылар күніне арналған кеш** | Балаларды адамгершілікке, Отанын сүюге, оны қорғауға баулу.Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру,оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу. | 5-мамыр | 7-8сыныптар | Әңгіме сұхпат | Қуат Н<br>Анарбек Л. |
| | **9-Жеңіс күніне орай «Бейбіт күн жасасын!»** | Оқушыларға 9-мамыр- Жеңіс күні туралы мәлімет беру арқылы Отан үшін от кешкен батырлардың ерлігін дәріптеу , олардың ерлігіне тағзым етуге тәрбиелеу. | 8-Мамыр | 6-8 сыныптар | Кітап көрмесі | Қуат Н. |
| | **Үздік оқырман** | Оқушылардың тіл байлығын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту. Көркем әдебиетті жүйелі түрде оқуға баулу.Үздік оқырманды анықтап, оларды мақтау арқылы үлгі ету. | 14-Мамыр | 7-8 сыныптар | Байқау | Қуат Н. |
| | «Кітап –білімнің қайнар көзі» | Оқулықтармен жұмыс. | Мамыр | 1-11 сыныптар | Оқулық тарды жинау | Кітапханашы |

**Кітапханашы :** **Қуат Н. Т.**